

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды
тақтайшаларын орнатуға арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**на устройство армированной бетонной плиты пола
с поверхностным упрочнением**

ТК 3.02-04-2012

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

ТК 3.02-04-2012. Технологиялық карта
ТК 3.02-04-2012. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану аясы	1
3 Нормативтік сілтемелер	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамалары.....	4
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	5
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	22
7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар	27
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	36
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	39

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

БЕТІ НЫҒЫЗДАЛҒАН ЕДЕННІҢ АРҚАУЛАНҒАН БЕТОНДЫ ТАҚТАЙШАЛАРЫН ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

Енгізілген күні 2013-05-01

1 Жалпы ережелер

1.1 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнатуға арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерін салуда қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиялары және механикаландыру бойынша ұтымды шешеммен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада беті тығыздалған еденнің әрленген бетонды тақтайшаларын орнату қаралады.

1.4 Технологиялық картада мынадай бөлімдер қамтылған:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамалары;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды орналастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, жұмыс бригадасы арасындағы міндеттемелерді нақты бөлу, жетілдірілген құрал-саймандар мен инвентарьларды қолдану кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттарынан қабылданды.

2 Қолдану аясы

2.1 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстарын орындау кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03 басшылыққа алу қажет.

2.2 Осы технологиялық картада жұмыс жасаудың мынадай шарттарын сақтай отырып, құрғақ нығыздалған қоспалардан жасалған беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату қаралады:

- ауаның тиісті ылғалдығы 60% аспауы тиіс (ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, 6- бөлім);
- негіз ылғалдығы 2 %-дан 4 % дейін болуы тиіс;
- еденнің монолитті бетонды жабындыларын орнату үшін қысылатын бетонның класы В 22,5 төмен болмауы тиіс;
- еденнің арқауланған бетонды тақтайшасын орнату үй-жайда 5 °С төмен емес ауа температурасы кезінде орындалады. Үй-жайдағы осы температура материал 50 % кем емес жобалық беріктігін алғанға дейін қолдау алуы тиіс;
- жағылатын қабаттар саны, жеке қабаттар қалыңдығы және еденнің жалпы қалыңдығы жобалық құжаттамада айқындалады;
- еденнің арқауланған бетонды тақтайшасы жобалық құжаттамада айқындалады;
- орнату орнына бетондық қоспа автобетонсорғымен беріледі;
- жұмыстарды ұйымдастыру жән жүргізу (құрылысты ұйымдастыру, жұмысты орындау бірзіділігі) НТҚ, жұмысты жүргізу жобасы (ЖЖЖ) және осы технологиялық карта

талаптарына қатаң сәйкестікпен жүргізу керек;

- жұмыс орындарын жариялау МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкесе келуі тиіс.

2.3 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстары мынадай технологиялық бірізділікте орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар

- беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату;

в) қосылқы жұмыстар

г) қорытынды жұмыстар.

2.4 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнатуға арналған технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03 және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыс жүргізу жобасы осы технологиялық картаның 2.2-тармақтарының талаптарын сақтау кезінде екі ауысымда жұмыс істеуді көздейді.

2.5 Технологиялық картаны байлау кезінде жұмыс құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстар қажеттілігін нақтылау, сапаны, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды бақылау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде осы жылғы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі бойынша НҚА мен НТҚ-ның, сондай-ақ осы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ-ның қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырудан бастартылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігіне қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме жасалған:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген, Жүк көтеру қарндарын орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген, «Өрт қауіпсіздігі қағидалары»

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі.

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және құрылыстар ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009* Ғимарат пен құрылыстың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-10-2004 Оқшаулау және әрлеу жабындылары.

ҚР ҚНЖЕ 3.02-03-2003 Едендер.

ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005 Таситын және қоршайтың конструкциялар.

МЕМСТ 12.1.004-91 ЕҚЖС. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.013-78 ЕҚЖС. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.046-85 ЕҚЖС. Құрылыс. Жарықтандырылған құрылыс алаңдарының нормалар.

МЕМСТ 12.4.087-84 ЕҚЖС. Құрылыс. Құрылыс дуылғалары. Техникалық шарттар.

MEMСТ 310.4-81	Цементтер. Майыстыру және қысу кезінде беріктік шегін айқындау әдістері.
MEMСТ 5802-86	Құрылыс ерітінділері. Сынау әдістері.
MEMСТ 9416-83	Құрылыс шарттары. Техникалық шарттар.
MEMСТ 9533-81	Кельмалар, күрекшелер және кескіштер. Техникалық шарттар.
MEMСТ 10060.0-95	«Бетондар. Аязға төзімділікті бақылау әдістері» Жалпы талаптар.
MEMСТ 10180-90	Бетондар. Бақылау үлгілері бойынша беріктікті айқындау әдістері.
MEMСТ 10597-87	Бояу қылқаламдары мен щөткелері. Техникалық шарттар.
MEMСТ 10922-90	Темір-бетон конструкцияларының арматуралық және тығындау бұйымдары, дәнекерленген қосылыстары, дәнекерленген арматуралар мен тығындау бұйымдары. Жалпы техникалық шарттар.
MEMСТ 11042-90	Болатты құрылыс балғалар. Техникалық шарттар.
MEMСТ 13087-81	Бетондар. Өшіргіштігін айқындау әдістері.
MEMСТ 21718-84	Құрылыс материалдары. Ылғалды өлшеудің диэлькометриялық әдісі.
MEMСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк арқан ілмектер. Техникалық шарттар.
MEMСТ 25782-90	Өлеуіш, үйкелеу және жартылай үйкелеу. Техникалық шарттар.
MEMСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің нақтылығын қамтамасыз ету жүйесі. Ғимарат пен құрылыс параметрлерін өлшеуді орындау қағидалары.
MEMСТ 26633-91*	Ауыр және шағын тотығу бетондары. Техникалық шарттар.
MEMСТ 28574-90	Құрылыста тотығудан қорғау. Бетонды және темір-бетонды конструкциялар. Қорғаныс жабындыларын адгезиядан сынау әдісі.
MEMСТ 30307-95	Құрылыстық полимерлі жабысқақ латексті мастиктер. Техникалық шарттар. (2004-шығарылым)
MEMСТ 31357-2007	Цементтік тұтқырдағы құрғақ құрылыс қоспалары. Жалпы техникалық шарттар.
ТШ 2257-027-43548961-2003	Сулы-дисперсиялық эпоксидті төсем-бояу (сіңіргіш).
ТШ 5745-032-43548961-2004	Бетонға арналған нығыздағыш (құрғақ тегістеу қоспалары).
	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының бірыңғай нормалары мен бағалаулары (БНЖБ) пайдаланды.
	ҚР Е 8.04-1-2010 Е1 жинағы Ішкі құрылыс көлік жұмыстары.
	Е4 жинағы Құрастырылған және монолитті темірбетон конструкцияларын монтаждау.

4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамалары

4.1 Бетон

Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату үшін F100 аязға төзімділігі бойынша (M300) маркалы қысылу төзімділігі В 22,5 кем емес класты ауыр бетон қолданылады.

Бетон қоспасы МЕМСТ 26633 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Бетонды қоспаны тасымалдау автобетонараластырғыштармен жүзеге асырылады.

Бетонды қоспаның әрбір партиясы сапа туралы құжатпен сүйемелденуі тиіс.

4.2 Арматуралық бұйымдар

Еденнің монолитті бетонды жабындылары талап етілетін өзіне тән жабу қабылеттілігіне байланысты жобалық құжаттамамен айқындалады.

Осы технологиялық картада МЕМСТ 10922 бойынша 1,5 × 2 мөлшерлі 100 мм × 100 мм × 4 мм жол торлы арқауланған еден қаралды.

Қолданылатын бұйымның әр партиясы сапа туралы (сәйкестік сертификаты) құжатпен сүйемелденуі тиіс.

Объектілерге қолданылатын бұйымдар осы көлік түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес автомобиль көліктерімен тасымалданады.

Бұйымдар жабық қоймаларға салынады.

4.3 Тұтқыр сым

Өз арасында арматуралық торларды байлау үшін диаметрі 1,6 мм болатын тұтқыр сым пайдаланылады.

4.4 Нығыздатқыш құрам

Бетонды жабындының тозу беріктігін, соққыға беріктігін арттыру үшін МЕМСТ 31357 талаптарына сәйкес келетін құрғақ тегістеу қоспасы пайдаланылады. Бетонға арналған нығыздағыш құрамы кварцты толтырғыш пен функционалдық қоспалар бар цементен тұратын құрғақ ұнтақты білдіреді.

Нығыздағыш қоспаның шығысы еденге техникалық шарттар мен жүктемелерге байланысты және мынаны құрайды:

- жеңіл және орташа жүктеме үшін 3 м²-ден 5 кг/м² дейін;
- орташа және үлкен жүктеме үшін 5 м²-ден 8 кг/м² дейін;
- түрлі-түсті нығыздағыш үшін ең төменгі шығын 7 м²-ден 8 кг/м² дейін.

Нығыздағыш қоспа 30 кг бойынша қағаз қаптарда, атмосфералық жауын-шашынан өнімді сақтап қалатын, жабық көлік құралдарында, осы көлік түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалданады.

Плюс 5 °С төмен емес температура кезінде құрғақ, жылытылатын үй-жайларда сақталады.

Әрбір партия сапа туралы (сәйкестік сертификаты) құжатпен сүйемелденуі тиіс.

4.5 Үлбір түзуші құрам

Қатты бетонды күту үшін (мембрана түзуші ретінде) НТҚ талаптарына сәйкес келетін арнайы екі компонентті үлбір түзуші құрам қолданылады.

Екі компонентті құрамдар (А компоненті мен В компоненті) 12 кг бойынша пластикті шелектерде нақты мөлшерленген қатынаста жеткізіледі.

Әрбір партия сапа туралы (сәйкестік сертификаты) құжатпен сүйемелденуі тиіс. Құрамдар плюс 5 °С төмен емес және плюс 30 °С жоғары емес температура кезінде оттан әрі қарай, құрғақ, жақсы желденетін үй-жайларда өндіруші тарасында сақталуы тиіс. Тікелей күн жарығының құрамымен сыйымдылықты қыздыруға жол берілмейді.

4.6 Эластикалық көбікті полиэтиленді төсем

Өзгеріске ұшыраған, технологиялық және температуралық-шөгінді жіктерін толтыру үшін эластикалық көбікті полиэтиленді төсем немесе жобада көрсетілген материалдардың техникалық сипаттамалары бойынша ұқсас басқалар пайдаланылады.

Көбікті полиэтиленді төсем (бау) минус 5 °С төмен емес температура кезінде қоймалық үй-жайларда сақталуы тиіс.

Сақтаудың кепілдік мерзімі – дайындалған күннен бастап 12 ай.

4.7 Жіктерді тұмшалауға арналған қымтақ

Жіктерді тұмшалау үшін МЕМСТ 30307-95 талаптарына сәйкес келетін бір компонентті полиурентті қымтақ пайдаланылады.

Қымтақ 600 мл бойынша жұмсақ құбырларда жеткізіледі. Әрбір партия сапа туралы (сәйкестік сертификаты) құжатпен сүйемелденуі тиіс.

Құрғақ салқын үй-жайда жабық зақымдалмаған орамда 12 ай ішінде сақталуы тиіс.

4.8 Еденнің бетонды тақтайшаларының бетін жіктерді орнату кезінде ластанудан қорғау үшін майлау таспасы қолданылады.

4.9 Өнеркәсіптік бетонды едендерді алынатын қозғалмалы бағыттауыш бойынша орналастырады.

4.10 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде қолданатын материалдар рмен бұйымдар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Міндетті сертификатталуға жататын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификатына ие болуы тиіс.

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттамалардың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.1.2 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін мыналар қажет:

- жұмыстардың жаупаты орындаушысын тағайындау;
- жұмысшыларды жұмыс сызбаларымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру;
- қол қойғыза отырып, техникалық қауіпсіздік бойынша нысаналы нұсқау жүргізу;
- барлық құрылыс-монтаждау жұмыстарын, арқаулау және арнайы жұмыстарды аяқтау;
- атмосфералық жауын-шашыннан үй-жайды қорғау бойынша жұмыстарды орындау (терезе ойығын шынылау, жабындыны орнату және т.б.);
- қабырға блоктары мен панельдері арасындағы жіктерді толтыру және нығыздау;
- аражабында жапсарлар, монтаждық және технологиялық саңылаулар жасау және аралықтардағы терезе және есік блоктарының үйкелу орындарын оқшаулау;
- негізді қабылдауды (еңістер мен өзгеріске ұшыраған жіктің дұрыс орналасуын, жобалық құжаттамаға сәйкес қабырғамен және басқа конструкцияларын сүйеленісуін, негіздің нығыздығын және т.б. тексеру) белгіленген нысанда актіні жасай отырып, бар НТҚ-ға сәйкес жүргізу;
- бетонды еден қабырғадан, колонналардан, тұғырнамадан және материалдардан оқшаулау материалдарымен оқшаулануы тиіс;

- жұмыс орнына материалдарды, құралы-саймандарды, механизмдерді жеткізу.

Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиенаны және техникалық қауіпсіздік қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процестің талаптарына және жұмыс жүргізу шарттарына сәйкес дайындалуы тиіс.

Жұмыс орнында жабдықтың, заттың орналасуы жұмыс жағдайын сығылыстыру, құрал-сайман мен жабдықты табуға және іздеуге уақыттың артық шығындары жасалмайтындай етіп жоспарланады.

Жұмыс орнында құрал-сайман мен аспаптардың саны оларды алу мен ауыстыруға ең аз уақыт жұмсай отырып, ауысым ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететіндей, қажеттілігі ең аз болуы тиіс.

Құрал-саймандар мен аспаптар пайдалану тәртібі үшін белгілі бір, ыңғайлы жұмыс орнында орналасуы тиіс.


Автокөліктен материалдарды түсіру ЖЖЖ сәйкес автомобиль кранымен орындалады. Материалдарды тасу қолмен орындалады.

5.1.3 Автобетондысорғыны пайдаланып, беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмыстары мынадай құрамдағы звено атқарады:

- 4-разряд бетоншысы (Б1, Б2) – 2 адам;
- 3-разряд бетоншысы (Б3) – 1 адам;
- 2-разряд бетоншысы (Б4) – 1 адам;
- 3-разряд арқаушысы (А1) – 1 адам;
- 2-разряд арқаушысы (А2, А3) – 2 адам;
- 4-разряд құрылыс слесарі (СС) – 1 адам;
- 4-разряд автобетонсорғысының машинисті (МБ) – 1 адам.

Жұмыс кешенінде 2-разряд арбашы (Т1, Т2) – 2 адам; 6-разряд автомобильді кран машинисті (МК) – 1 адам қабылданады.

5.1.4 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру схемасы 1-суретте келтірілген.



Қозғалмалы бағыттауышты қабырға жаққа параллельді ұзындықпен немесе технологиялық көлік қозғалысына параллельді қабырғадан 500 мм қашықтықта төсейді.

1-кезең - негіздің бетін дайындау; 2-кезең – бетондық қоспаны жағу; 3-кезең – бетон бетін тегістеу; 4-кезең – үлбір түзеуші құрамды салу

- 1 – өнеркәсіптік шаңсорғыш;
- 2 – жол торы (арматура);
- 3 – қозғалмалы бағыттауыш;
- 4 – діріл рейкасы;
- 5 – күрек;
- 6 – екі роторлық тегістеу машинасы;
- 7 – бетон арба-дозатор;
- 8 – бір роторлық бетон әрлеу машинасы;
- 9 – білікше;
- 10 – құрамдарды дауындауға арналған ыдыс;
- 11 – салмасы бар электр бұрғы (миксер);
- 12 – бояуқылы;
- Б1 – Б4 - бетоншының жұмыс орны;
- А1 – А3 – арқаушының жұмыс орны;
- СС – құрылыс слесарінің жұмыс орны

1-сурет – Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыс жүргізу технологиясы

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Технологиялық персоналдан нұсқау ала отырып, жұмыс жобасымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен және осы үлгілік технологиялық картамен қол қойып, таныса отырып, жұмыс звеноы қажетті құрал-саймандар мен материалдарды алады.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату жұмысының құрамына мынадай жұмыс түрлері кіреді:

- негізді дайындау;
- арқаулау;
- қозғалмалы бағыттауышыны орнату;
- бетондық қоспаны беру және бөлу;
- бетондық қоспаны нығыздау және тегістеу;

- бетон бетін алдын ала (долаң) тегістеу;
- нығыздаушы қабатты орнату;
- бетон бетін түпкілікті тегістеу;
- үлбір түзуші құрамды жағу;
- жікті жасау;

5.2.2.1 Негізді дайындау

Бағыттаушыны арқаулағанға және орнатқанға дейін негіз бетін саздан, құрылыс қоқысынан, құрылыс материалдарының қалдықтарынан және т.с. тазалау керек.

Қозғалмалы бағыттаушыны әрлегеннен, орнатқаннан кейін және бетон қоспасын жағар алдында негіз ылғалдандырылады. Ылғалдандыру негіз сумен толық сіңгенше дейін жасалады. Негіз бетінде шалшықтың туындауына жол беріледі.

5.2.2.2 Арқаулау

Бетонды еденде арматура ретінде ұяшық мөлешірі 150 мм × 150 мм немесе 100 мм × 100 мм және өзек диаметрі 4 мм болатын жол торы жиі пайдаланылады. Еден артылған жүктеме (көп тонналы жүк машиналары, тиеушілер, қаттаушы және т.с) әсеріне шалдығатын жағдайда, жол торының орнына немесе арматуралық қаңқаның орнына қолдану орынды. Арқау қаңқасы әдеттегідей, диаметрі 8-ден 16 мм дейін арқау өзегіннен жасалған орын бойынша байланады. Еденге жоғары серпінді жүктемелер (ауыр жабдықтың, бұйымның құлауы және т.с.) әсер еткен жағдайда, бетонның соққы тұтқырлығын және беріктігін арттыру үшін иілу кезінде созылуға арматура ретінде болатты фибраны қолдануға болады.

Арқаулау мынадай технологиялық тізбектілік орындалады:

- сыммен қиылысу орнына байлай отырып, мөлшері 2 м × 1,5 м арматуралық тор салынады.

Одан кейін еденнің колонналарға жанасу орындарында арматуралық торлар жобалық құжаттама талаптарына сәйкес орнатылады.

Объектіде арматуралық торларды металл бойынша қайшымен мөлшерлер бойынша кеседі.

Арматуралық торларды колонна бойында орнату 2-суретте келтірілген.



1 – поралон сызығынан оқшаулау;
2 – арматуралық торлар

2-сурет – Арматуралық торды және колонна бойында өзектерді орнату

5.2.2.3 Қозғалмалы бағыттаушыны орнату

Үлкен алаңдары бар объектілерде еденнің арқауланған болатты тақтайшаны орнату «карталармен» - белгілі бір мөлшердегі тікбұрыштармен жүзеге асырылады. «Карта» мөлшері жұмыс қабырғасына, яғни өнімділікпен төселетін еден алаңымен айқындалады. Карта периметрі бойынша қорамқалып орнатылады. Қорамқалып ретінде діріл рейкасы үшін бағыттауыштар пайдаланылуы мүмкін. Қорамқалып сызығы немесе бағыттаушы сызығы мүмкіндігінше өзгеріске ұшыраған жіктер суретімен дәл келуі тиіс, өйткені көп жағдайда бұл ұсталған және жаңадан төселген бетонның түйісу орны.

Қозғалмалы бағыттауыштарды орнату мынадай технологиялық тізбектілікте төсейді:

- негіз бетін ені 3 м-ден 4 м дейін жолақтарға бөледі;
- қозғалмалы бағыттауышты қабырға жаққа параллельді ұзындықпен немесе технологиялық көлік қозғалысына параллельді қабырғадан 500 мм қашықтықта төсейді. Алынатын металл қозғалмалы бағыттауыш бетондаудың тұтастай бетіне арқалыққа орналастырады;

- қозғалмалы бағыттауыш еден жабылғысы бетінің белгісі бойынша қойылады және нивелирді пайдалана отырып, жобалық құжаттамаға сәйкес қажетті еңіспен жасалады.

Еденнің колонналар мен қабырғаның жанасу орындарына бетонды еденді осы конструкциялардан оқшаулау үшін жолақтарға кесілген поралонды төсейді.

5.2.2.4 Бетонды қоспаны беру және тарату

Жобаға сәйкес арматура салынғаннан және бағыттауыштар орнатылғаннан кейін бетондық қоспаны төсеуге кіріседі. Бұл ретте оны құрылыс алаңына үздіксіз беруді қамтамасыз ету қажет. Әдетте төселетін бетондық қоспа ПЗ қозғалғыштығына ие, бұл конустың 11-ден 15 см дейін шөгінугіне сәйкес келеді. Бұл төсеу тәсіліне және нығыздалу қарқынына байланысты.

Төсеу орнына бетондық қоспаны беру автобетонды қоспалауыштар құрылыс алаңына қаншалықты жақындай алатындығына, сондай-ақ жұмыстар қай қабатта орындалатындығына байланысты әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Егер бетон қоспалауышта төсеу орнына тығыз келтіру мүмкін болса, бетонды қоспаны түсіру тікелей дайындалған негізде жасалады. Егер жұмыстар бірінші қабатта орындалмаса немесе миксерді төсеу орнына апаруға келмесе, бетонсорғыны пайдаланады.

Төсеу орнына берілген бетондық қоспаны қырғышпен немесе күрекпен тегістеледі. Бетондық қоспаны төсеу жолақ арқылы орындалады. Төселген бетон қабатының бетін, оның діріл процесінде кейінгі шөгугін ескере отырып, қозғалмалы бағыттауыштан 3 мм - 5 мм жоғары болуы тиіс.

5.2.2.5 Бетондық қоспаны нығыздау және тегістеу

Қабат қалыңдығы 100 мм дейін болған кезде бетондық қоспа тығыздайды және діріл рейкамен тегістейді, ал қабат қалыңдығы 100 мм астам болған кезде – долаң дірілмен және діріл рейкамен тегістейді.

Тереңдік дірілдеріне қайта қойылатын қашықтық олардың қолданысының жартылай радиусынан аспауы тиіс.

Бетон бетін тығыздау және діріл рейкасымен тегістеу бетон қоспасы отырғаннан кейін дереу екі рет өтіліп орындалады. Діріл рейкасын 0,5 м/мин-дан 1 м/мин дейін жылдамдықпен бұлдыр көрінетін бағыттауыш бойынша қозғайды. Діріл рейкасы білігінің төменгі жиегінде білікше туындауы тиіс (сым тарту призмасы). Білікше биіктігі діріл рейкасын жылжыту жылдамдығына байланысты. Артық бетон қоспасының білікшесі (сым тарту призмасы) тегіс бетті жасау үшін және бетондық қоспаны нығыздауды тудыратын, дірілді беру үшін қажет. Білікше биіктігін берілген шектерде ұстау керек. Білік биіктігін ұлғайту діріл рейкасының орнын ауыстыруды қиындатады, ал білікшенің болмауы

бетондық бетте құйғышын түзе отырып және отырғызу жарығының болуын тудыра отырып, діріл әсерін төмендетеді.

Діріл рейкасы орын ауыстыратын бағыттаушы беттерді таза ұстау қажет. Бағыттаушының саңылауы арқылы бетондық қоспа аққан жағдайда, қоспаны бағыттаушыдан кемінде 0,5 м қашықтықта қосымша салу қажет. Осы учаскелер жиек деңгейіне дейін тегістелуі тиіс.

Діріл рейкасы үшін рұқсат берілмеген орындарда бетонды қоспа қолды нығыздағышпен тегістейді.

Бастапқы беріктікті бетонға қол жеткізілгенен кейін бағыттаушылар алынады және келесі қамтуға орын ауыстырады.

5.2.2.6 Бетон бетін алдын ала (долаң) тегістеу

Бетон бетін төсеу және нығыздау аяқталғаннан кейін техникалық үзіліс жасау керек, бұл үзіліс қоршаған орта ылғалдығы мен температурасына байланысты 2-ден 7 сағатқа дейін құрайды.

Бетон ересек адам оның бетіне баса отырып, тереңдігі 3 мм-ден 4 мм дейін болатындай із қалдырғанша бастапқы беріктікті иеленуі тиіс. Одан кейін, бетон бетінің тегістігін тексере отырып, дискімен бетонды әрлеу машинасымен бетін тегістеуге (алдын ала) кіріседі. Конструкцияларға, колонналарға, ойларға, ағаш ойықтарға және қабырғаларға жанасатын бетон бірінші кезекте өңделуі тиіс, өйткені осы орындарда басқа алаңдарға қарағанда ол тез қатады. Осы орындарды бетонды тегістеу еркін айналатын дөңгелектермен жабдықталған, жиекті тегістейтін машиналармен жасалады.

Егер тегістеу процесінде жұмыста үзіліс орын алса, тегістеуші машинаны бетінде қалдыруға болмайды, өйткені бетонның оқшаулы шөгуге болуы мүмкін.

Механикалық тегістеу үшін рұқсат берілмеген беттер учаскелері ұзын тұтқаларда болатын үйкегіштің көмегімен қолмен өңделеді.

Еден бетін бетонды әрлеу машинасымен тегістеу 3-суретте келтірілген.

а)



б)



- а – еден бетін екі роторлық бетон әрлеу машинасымен әрлеу;
 б – еден бетін бір роторлық бетон әрлеу машинасымен әрлеу;

3-сурет – Еден бетін бетонды әрлеу машинасымен тегістеу

5.2.2.7 Нығыздалатын қабатты орнату

Нығыздалатын қабатты орнату екі кезеңде орындалады.

Бірінші кезең – бетон бетіне кейіннен тегістей отырып, нормадан 50 %-дан 60 % дейін мөлшерде құрғақ нығыздаушы қоспаны жағу.

Құрғақ нығыздаушы қоспаны жағу арнайы таратушы арбамен орындалады. Арбаны учаскеге кесе-көлденең бетон беті бойынша орын ауыстырады. Арбамен тарату үшін рұқсат берілген учаскелерде қоспаны қолмен себеді.

Қоспа бетоннан ылғалды сіңіргеннен кейін және беті қарайғаннан кейін дискі бар бетон әрлеу машинасымен бетін тегістеу орындалады. Тегістеуді қабырға, колонналар, есік ойықтары жанынан бастайды. Тегістеуді бетон беті нығыздаушы қоспаны толық сіңіргенге

және қосқанға дейін орындайды.

Екінші кезең – кейіннен түпкілікті тегістей отырып, нығыздаушы қоспаны қалған бөлігін жағу.

Бірінші тегістеу аяқталғаннан кейін нығыздаушы қоспаның қалған бөлігін жағады. Қоспа бетоннан ылғалды сіңіргеннен кейін және беті қарайғаннан кейін бірнеше кезеңде бетон бетінде нығыздаушы қоспа толық сіңгенге және жабысқанға дейін күреушесі бар бетонды әрлеу машинасымен бетін түпкілікті тегістеуді орындайды. Кезең аралығындағы интервал бетінің жағдайы бойынша айқындалады – ол күңгірт болуы және оған сүйкегенде қолдың ізі қалмауы тиіс. Түпкілікті тегістеу мәні тегіс жұмыр беттің туындауы болады.

Нығыздаушы қабатты жағу 4-суретте келтірілген.



- 1 – тарату арбасы;
- 2 – бетон беті;
- 3 – нығыздаушы қабат

4-сурет – Нығыздаушы қабатты жағу

5.2.2.8 Қату кезінде бетон бетін қорғау

Тегістеу аяқталғаннан кейін, бетон жеңіл жаяу жүру жүктемелерін (әдетте төсегеннен кейін келесі күніне) қабылдау жеткіліктігінің беріктігін алғанға дейін беті арнайы үлбір түзуші құраммен жабылады.

Жағар алдында құрамды дайындау қажет. Ол үшін В компоненті бар шелекті ашады және оны зауыттық орамадағы салмасы бар элетр бұрғымен араластырады. А компоненті бар шелекті ашады, оны толығымен В компонентіне құяды және 2 минут ішінде салмасы бар төмен айналымды элетр бұрғымен араластырады. Құрамға дайын болу үшін салқындауға 5 минут береді. Одан кейін 65 % су қосады және 2-3 минут ішінде араластырады.

Құрам білікше және қылқалам көмегімен бетондық бетке жағылады. Ол бетондық бетке жақсы сінеді және қорғау қабатын құрайды.

Үлбір түзуші құрамды бетонды еден бетіне жағу 5-суретте көрсетілген.



1 – полиуретантты білікше

5-сурет - Үлбір түзуші құрамды бетонды еден бетіне жағу

5.2.2.9 Жікті жасау


Жікті жасау және конструкциясы жобамен айқындалады. Бұл ретте мынадай өлшемдерді ескеру керек:

- нығыздалған монолитті бетонды жабындысы бар едендерге механикалық әсердің қарқындылығы;
- үй-жайдың сәулеттік-конструкторлық ерекшеліктері;
- еденді арқаулау;
- пайдаланылатын материалдардың сипаттамасы (бетон және өзгелері);
- жік типі (оқшаулаушы, технологиялық және температуралық-шөгу).

Оқшаулау жіктері – қабырға бойында, колонналар мен іргетас айналасында еденді тартуға конструкторлық ғимараттан өзгеріске ұшыратуды болдырмау мақсатымен жабдық астына орнатылады. Оқшаулау жігі бетонды қоспаны құю алдында тікелей конструкторлық ғимарат бойында оқшаулау материалдарын төсеу жолымен орнатылады.

Технологиялық жік – құю картасын бөлу орындарында орнатылады. Бетондау картасына еден конструкциясын бөлу конструктивтік және технологиялық болжамдар бойынша жасалады. Конструктивтік бөлу еден конструкциясының жеке учаскелеріне бағытталған өзгеріске ұшырауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыста шарасыз үзілістерді техникалық ескеруге арналған. Құю картасын ғимараттың өзгеріске ұшыраған жігінің және еденнің температуралық-шөгу жігінің орналасуымен барынша сәйкес келетіндей жоспарлау орынды.

Бетонды едендердегі жіктерді орналастыру және оның түрлерінің мысалдары 6-суретте келтірілген.



6-сурет - Бетонды едендердегі жіктерді орналастыру және оның түрлерінің мысалдары.

Температуралық-шөгу жігі (ТШТ) – өз тұрғысынан «бағдарланған жарық» болып табылады. Олар бетон қатайған және оны пайдалануда тақтайшалардың температуралық сызықты өзгеріске ұшырауы кезінде бетонды еденде болатын шөгу процестерін өтеуді қамтамасыз етеді. Ол белгілі бір беріктікке жеткен кезде қатқан бетонда алмазды дискілермен кесіледі. Шөгу жігі 24 сағат ерте емес, бірақ бетонды соңғы өңдеу аяқталғаннан кейін 72 сағат кейін кесіледі. Жіктердің орналасуы жік кесушінің жүзі бетонмен қатар толықтырғышты да кесіп өтуі тиіс, кесіп көруден кейін ғана жол беріледі. Толықтырғыштарды бояуға жол берілмейді. Шөгу жігінің кесу тереңдігі жобамен айқындалады және еденнен кемінде $\frac{1}{3}$ қалын және 30 мм кем емес, ал ені 5 мм жоғары болуы тиіс.

ТШТ картасын кесу, егер жобада өзгесі көзделмесе, жіктер 6 м астам емес қадаммен кесілетіндей жасалады. Бұдан басқа, жіктер колонна осімен, жабу тақтайларының жіктерімен дәл келуі тиіс, монолиттіктен тыс бөлшектердің бәрін кесуі тиіс (колонналар, құдықтар және т.б.). Бетон денесінде ішкі бұрыштар болған кезде ТШТ олардан шығып тұруы тиіс. Жікті кесудің төртбұрышты немесе тікбұрышты карталарын алуға тараптардың 2:1 астам қатынасымен тырысу керек.

Температуралық-шөгінді жіктің үлгілік конструкциясы 7-суретте келтірілген.



7-сурет - Температуралық-шөгінді жіктің үлгілік конструкциясы

Кескеннен кейін жіктерді шаң мен қоқыстан механикалық шөткемен және өнеркәсіптік шаңсорғышпен тазалайды. Жікті өнеркәсіптік шаңсорғышпен тазалау 8-суретте келтірілген.



1 – өнеркәсіптік шаңсорғыш

2

8-сурет – Жікті өнеркәсіптік шаңсорғышпен тазалау

Жікке эластикалық көбікті полиэтиленді төсем (бау) салынады. Одан кейін туындаған қиық бетпе-бет бір компонентті жартылай рентті қымтақпен немесе ұқсас тұмшалаушы матриалмен толтырылады. Осындай едендер үшін қымтақ жік жиегін ұстайтындай және олардың жарылуын болдармайтындай жеткілікті қатты болуы және жіктің жеңіл ашылуын және жабылуын ұстайтындай жеткілікті икемді болуы тиіс. Жіктер пайдалану жүктемелеріне және олармен байланысты жобалық шешімдерге байланысты НТҚ нормаларында көзделген басқа да конструктивтік шешімдерге ие болуы тиіс.

5.2.2.10 Қорытынды жұмыстар

Жұмыс ауысымы соңында жұмыс орындарын жинайды, құрал-саймандарды, инвентарьларды және композицияның қалған пайдаланбаған компоненттерін қоймаға тапсырады.

5.2.3 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнатуға арналған операциялық карта 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнатуға арналған операциялық карта

Операция атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтау, құрал-сайман, заттар, керек-жарақтар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияны сипаттау
1	2	3	4
Подготовительные работы			
Дайындық жұмыстары	-	4-разряд бетоншысы (Б1, Б2); 3-разряд бетоншысы (Б3); 2-разряд бетоншысы (Б4); 3-разряд арқаушысы (А1); 2-разряд арқаушысы (А2, А3), 4-разряд құрылыс слесарі (СС), 4-разряд автобетонсорғысының машинисті машинист (МБ); 2-разряд арбашы (Т1, Т2); 6-разряд автомобильді кран машинисті (МК)	Звено жұмысшылары және машинистер тапсырма алады, жобалық құжаттаманы, жұмыстарды жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны зерделейді, еңбекті қорғау бойынша нысаналы нұсқаудан өтеді, жұмыс орындарын жұмысқа дайындайды, қоймадан құрал-саймандар мен керек-жарақтарды алады.
Негізгі жұмыстар			
Негіз бетін дайындау – өнеркәсіптік шаңсорғышпен тазалау, негіз бетін сулау - сумен	Шелек, кельма, щётке, өнеркәсіптік шаңсорғыш	Б 4	Б 4 бетін саздан, құрылыс қоқыстарын, құрылыс материалдар қалдықтарынан және т.б. тазалайды. Б 4 негізін сумен сулайды

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Дөңгелегі кесілген бұрышты ажарлау машинкасының тұтқыр сымын кесу	Бұрышты ажарлау машинкасы	A2	A2 бұрышты ажарлау машинкасының тұтқыр сымын кеседі
Таси отырып және түйісуін сыммен байлай отырып, қолмен арматуралық торды төсеу	Металл қиятын қайшы, байлау үшін ілмек	A1,A2,A3	A2 метал бойынша Вр-1 100 × 100 × 4 торды кеседі. A1 және A3 торлардың қиылысу орындарын тұтқыр сыммен байлап, арматуралық торды төсейді, ал еденнің колонналарға жанасу орындарында жобалық құжаттама талаптарына сәйкес арматуралық торды орнатады.
Бетондық қоспаны автобетонсорғысымен төсеу орнына беру	Автобетонсорғысы, бетон тасушы	МБ,СС,Б4	Б4 МБ-ға бетонды төсеу орнына беруге көмектеседі. МБ автобетонсорғысын жұмысқа дайындайды және бетонды әпереді. СС оның жұмысын бақылайды және бетондық қоспаның берілуін реттейді.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>Бағыттаушы діріл рейкасын орнату, тегістей отырып, бетон қоспасын төсеу, бетон қоспасын діріл рейкасымен нығыздау, қалған қарықты бітеп тастай отырып, бағыттаушыларды алу</p>	<p>Нивелир, рулетка, қозғалмалы бағыттауыштары, электр перфоратор, автобетонсорғы, күрек, қырғыш, қолмен нығыздау, діріл, қырғыш, күрек, кельма</p>	<p>Б1, Б3</p>	<p>Б1, Б3 рулетканың көмегімен қабырғадан 500 мм қашықтықта белгі бойынша негіз бетін 3 м-ден 4 м дейін жолақтарға бөледі. Қозғалмалы бағыттауыш орнатылады (қабырға жаққа параллельді ұзындықпен аралықта, еден жабылғысының бетінің белгісі бойынша қойылады және нивелирді пайдалана отырып, жобалық құжаттамаға сәйкес қажетті еңіспен жасалады). Металл қозғалмалы бағыттауыш (алынатын) монтаждық саңылау арқылы еденге анкер-дюбельмен бекітеді.</p> <p>Б1 және Б3 (еденнің колонналар мен қабырғаға жанасу орындарында) бетонды еденді осы конструкциялардан оқшаулау үшін жолақтарға кесілген поралонды төсейді. Б1,Б3 бетондық қоспаны қозғалмалы бағыттауыштан 3 мм-ден 5 мм дейін жоғары қырғышпен немесе күрекпен барлық алаң бойынша қозғалмалы бағыттауыш арасындағы жолаққа төсейді және тегістеледі. Б1 және Б3 діріл рейкасын қозғалмалы бағыттауышта жолаққа кесе-көлденең орнатылады және 0,5 м/мин-дан 1 м/мин дейін жылдамдықпен жолақ бойына қозғайды, қоспаны бетінде екі өтуден кейін «цементтік сүттің» пайда болуына дейін нығыздайды.</p> <p>Б3 қозғалысты бақылайды және қырғыш немесе күректің көмегімен діріл рейкасы алдында артық бетонды білекшені қалыптастырады, қажет болғанда, бетонды жетіспейтін жерлерге қосады.</p> <p>Діріл рейкасы үшін қиын қол жетімді орындарда бетондық қоспаны Б3 қолмен нығыздап тығыздайды.</p> <p>Бетон бетін төсеу және нығыздау аяқталғаннан кейін техникалық үзіліс жасау керек, бұл үзіліс қоршаған орта ылғалдығы мен температурасына байланысты 2 сағаттан 7 сағатқа дейін құрайды.</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>Бетондық әрлеу машиналарымен бетін бастапқы өңдеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір роторлық Ду 600 мм - бір роторлық Ду 900 мм 	<p>Бір роторлық бетондық әрлеу машиналары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ду 600 мм - Ду 900 мм 	<p>Б1,Б2</p>	<p>Бетін долаң тегістегенге дейін бетон ересек адам оның бетіне баса отырып, тереңдігі 3 мм-ден 4 мм дейін болатындай із қалдырғанша бастапқы беріктікті алуы тиіс.</p> <p>Б1 дискі бар бетонды әрлеу машинасын жұмысқа дайындайды. Б1 «цементтік сүтті» жою үшін және суды бетіне шыққанша сыға отырып, дискі бар бетонды әрлеу машинасымен бетон бетін алдын ала тегістеуді орындайды.</p> <p>Бетонды әрлеу машинасымен жазу үшін қол жетімді емес, бетінің учаскелерін Б2 болатты бағдардың көмегімен қолмен пысықтайды</p>
<p>Арба-дозаторымен бетіне ыздау қоспасын қол жетпейтін жерлерге қолмен төсеу</p>	<p>Таратушы арба-дозатор</p>	<p>Б3</p>	<p>Б3 нығыздаушы қоспаны таратушы арбаға тиейді және оны бетон бетімен нығыздаушы материал бетонды еденнің бетінің алаңын жапқанға дейін орнын ауыстырады</p> <p>Б3 арбамен тарату үшін қол жетпейтін учаскелерге нығыздаушы материалды қолмен себеді.</p>
<p>Бетондық әрлеу машиналарымен бетін долаң тегістеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - екі роторлық Ду 900 мм 	<p>Екі роторлық бетондық әрлеу машинасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ду 900 мм 	<p>Б1</p>	<p>Қоспа бетоннан ылғалды сіңіргеннен кейін және беті толық қарайғаннан кейін Б1 дискі бар бетон әрлеу машинасымен толық сіңгенге және нығыздаушы қоспаның бетонмен қосылғанына дейін бетонды долаң тегістеуді орындайды, процесс тексеріледі.</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>Бетондық әрлеу машиналарымен бетін түпкілікті тегістеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - екі роторлық Ду 900 мм - бір роторлық Ду 600 мм 	<p>Бетондық әрлеу машиналары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бір роторлық Ду 600 мм - Екі роторлық Ду 900 мм 	<p>Б1, Б2</p>	<p>Қоспа бетоннан ылғалды сіңіргеннен кейін және беті қарайғаннан кейін, Б1 және Б2 күрекшесі бар бетон әрлеу машинасымен толық сіңгенге және нығыздаушы қоспаның бетонмен қосылғанына дейін бетін түпкілікті тегістеуді бірнеше кезең орындайды. Кезең аралығындағы интервал бетінің жағдайы бойынша айқындалады – ол күңгірт болуы, және сүйкегенде қолдың ізі қалмауы тиіс. Түпкілікті тегістеу мәні тегіс жұмыр беттің туындауы болады.</p>
<p>Үлбір түзуші құрамды дайындау, білікше және қылқалам көмегімен құрамды қолмен жағу</p>	<p>Салмасы бар электр бұрғы, білікше, қылқалам</p>	<p>Б1,Б2</p>	<p>Б2 үлбір түзуші құрамды дайындайды. Б1 білекшенің көмегімен үлбір түзуші құрамды бетон бетіне жағады. Б2 қол жетпейтін жерлерде құрамды қылқаламмен жағады.</p>
<p>Шөгү жіктерін кесу және тұмшалау</p>	<p>Жік кескіш, шаңсорғыш, қылқалам, қалақша, тұмшалауға арналған пистолет</p>	<p>Б1,Б2</p>	<p>Б1 жікті кескіш көмегімен жікті кесуді орындайды. Б2 өнеркәсіптік шаңсорғыштың (щөткенің) көмегімен жік аузының ішкі бетін шаңсыздандырады және жікке эластикалық көбікті полиэтиленді төсемді (бау) төсейді. Б3 еден бетін жікке жанасатын бояу таспасын жапсырады. Б1 жікті бетпе-бет тұмшалаушы материалмен (мастикпен), қалақшамен немесе тұмшалауға арналған пистолетпен толтырады.</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Қосалқы жұмыстар			
25 т дейін ж/к автомобиль кранымен уақытша қоймалау алаңына автокөліктен жасалған материалдарды түсіру	Автомобиль краны	МК, Т1, Т2	А1РБ автокөлік шанағында бола тұрып, арматуралық торды байлайды. КМ қоймалау алаңға арматураны түсіреді. А2РБ арматураны қабылдайды және нығыздайды.
30 м дейін қашықтықта төсеу орнына материалдарды тасиды		Б4	Б4 қажетті материалдарды бетонды төсеу орнына ауыстырады.
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар		Б1, Б2, Б3,Б4, А1; А2, А3, СС, МК, МБ, Т1, Т2	Жұмысшылар құрал-сайманды қоректендіру көзінен ажыратады, жуады және құрал-сайманды, керек-жаракты және пайдаланбаған материалдарды қоймаға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде пайдаланылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде пайдаланылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

р/н №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгісі	Өлшеу бірлігі	Саны
Қалыңдығы 11 см еден жабындысын орнату (100 м² еденді жабу)				
1	Қалыңдығы 110 мм В 22,5 (М300), F100 бетон қоспасы	МЕМСТ 26633	м ³	11,55
2	Жол торы Вр-І 100 × 100 × 4 1,5 мм × 2 мм	МЕМСТ 10922	м ² /т	100/0,3
3	Диаметрі 1,2 мм тұтқыр сымы	НТҚ бойынша	кг	1,78
4	Нығыздаушы құрам	МЕМСТ 31357	кг	500
5	Көбік түзуші құрам	НТҚ бойынша	кг	12,5
6	Сулауға арналған су	НТҚ бойынша	м ³	0,1
7	Бұлдырлап көрінетін бағыттауыш	НТҚ бойынша	м	50,0
8	Диаметрі 125 мм металл бойынша дөңгелек ою	НТҚ бойынша	дана	1,0
Шөгү жіктерін орнату (100 м жікке)				
9	Эластикалық көбікті полиэтиленді төсем	НТҚ бойынша	м	105
10	Көбік түзуші құрам	НТҚ бойынша	кг	1,23
11	Полиуретанды тұтқыр	НТҚ бойынша	кг	8,4
12	Ені 5 см майлау таспасы	НТҚ бойынша	м	200
1-ЕСКЕРТПЕ Еден қалыңдығы 1 см өзгерген кезде материалдар шығыны есептеулерге сәйкес ауыстырылады: - бетондық қоспа – 1,05 м ³ ;				
*2-ЕСКЕРТПЕ Арматура диаметрі мен класы талап етілетін жабындының бар қабілетіне байланысты жобалық құжаттамамен айқындалады.				

ЕСКЕРТПЕ Ресурстар шығысының көрсеткіші орташаланған болып табылады және жобалық құжаттама бойынша нақтыланады.

6.2 Машиналар, мехнизмдер, жабдықтар, технологиялық жарақтауыштар, құрал-саймандар, заттар және керек-жарақтар тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Машиналар, мехнизмдер, жабдықтар, технологиялық жарақтауыштар, құрал-саймандар, заттар және керек-жарақтар тізбесі

Звеноға - 12 адам

р/н №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны дана
1	Автомобиль краны	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды түсіру	25 т дейін ж/к	1
2	Автобетонсорғы	ЖЖЖ бойынша	Бетон қоспасын беру	Мах. өнімділігі - 60 м ³ /сағ	1
3	Өнеркәсіптік шаңсорғыш	DIN VDE 0700 SQ 450-81	Бетін шаңсыздандыруға арналған	Қуаты – 1200 Вт	1
4	Діріл рейка	СО-280	Бетін дірілдету және бетін тегістеу	Қамту ені 2,5 м, өнімділігі 120 м ² /сағ, өңдеу тереңдігі 150 мм, діріл қуаты 0,25 кВт	1
5	Салмасы бар электр бұрғы	GBM 10SRE	Үлбір түзуші құрамды дайындау	Өнімділігі 300 об/мин-дан 400 об/мин дейін, Қуаты 0,45 кВт	1
6	Бетон әрлеу машинасы		Бетон бетін тегістеу, жабындының нығыздаушы қабатын өңдеу	Өнімділігі 40 м ² /сағ	ЖЖЖ бойынша
7	Жіктерді кескіш	CS 146	Еденді бетонмен жабуда жіктерді кесу	Өнімділігі 0,5 м/мин-дан 1,0 м/мин дейін	1
8	Бұрышты ажарлау машинкасы	PC125-S	Байлау сымын кесу	Қуаты 1,4 кВт, Ø 125 мм	1

3-кесте (жалғасы)

Звеноға - 12 адам

р/н №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны дана
9	Тарату арбасы TV-830	TV-830	Нығыздаушы құрамды жағу және тарату	Ұзындығы 920 мм, ені 960 мм, барынша жүктілігі 60 кг	1
10	Арматураны байлауға арналған ілмек	-	Арматуралық торды өз арасында байлау	-	2
11	Қолмен нығыздау	-	Бетондық қоспаны нығыздау	-	1
12	Болатты уатқыш	-	Бетін тегістеу	-	2
13	Қырғыш	-	Бетондық қоспадан бағыттаушыны тазалау	-	1
14	Бақылаушы тақтайша	-	Өлшеу жұмыстары	Ұзындығы 2 м	1
15	Металды өлшеуіш сызғыш	-	Өлшеу жұмыстары	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
16	Тұмшалауға арналған пистолет	-	Жікті тегістеу үшін	-	1
17	Кельма (қол үккіш) (МЕМСТ 9533)	-	Механикалық өңдеуге қол жетпейтін орындарда бетін қолмен жеткізу	-	2
18	Білікше	-	Үлбір түзуші құрамды жағу	-	1
19	Ыдыс	-	Үлбір түзуші құрамды дайындау	Көлемі – 30 л	2

3-кесте (жалғасы)

Звеноға - 12 адам

р/н №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны дана
20	Қалақша		Нығыздағыш төсем жігін толтыру	-	2
21	Бояу қылқаламы (МЕМСТ 10597)		Үлбір түзуші құрамды жағу	-	2
22	Щөтке (МЕМСТ 10597)	-	Жікті шаңнан тазалау	-	2
23	Күрек	-	Бетондық қоспаны төсеу	-	3
24	Нивелир және нивелирлі тақтайша	-	Өлшеу құралы	-	1+1
25	Металды өлшеу рулеткасы	-	Өлшеу құралы	0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
26	Ылғал өлшеуіш	МГ-4Х	Негіздің ылғалын өлшеу	Өлшеу диапазоны 1 %-дан 45 % дейін, қателік 0,8 %-дан 3 % дейін	1
27	Термометр	ТЛ-4	Үй-жайда ауа температурасын өлшеу	Бөлу бағасы 1 °С	1
28	Комбинезондар	-	Жеке қорғаныс құралы	-	12
29	Құрылыс дуылға (МЕМСТ 12.4.087)	-	Қорғаныс құралы	-	12
30	Арнайы қолғаптар	-	Қорғаныс құралы	-	12
31	Резеңке перчаткалар	-	Қорғаныс құралы	-	3 жұп
32	Арнайы аяқкиім	-	Қорғаныс құралы	-	3 жұп
33	Қорғаныс көзілдірігі	-	Қорғаныс құралы	-	2

3-кесте (жалғасы)

Звеноға - 12 адам

р/н №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны дана
34	Респиратор	«Лепесток» ШБ	Қорғаныс құралы	-	2
35	Ылғал келісі	-	Жұмысшыларды төселген бетон бойынша орнын ауыстыру	-	3 жұп
36	Дәрі қобдишасы	-	Алғашқы медициналық көмек көрсету	-	1
37	Металл қиятын қайшы	-	Резка арматурной сетки Вр-1 арматуралық торды қию		1

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Беті нығыздалған еденнің арқауланған бетонды тақтайшаларын орнату кезінде жұмыс сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген (4-кесте).

4-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процес)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаңы іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылау орындаушысы немесе сынақ жүргізуші	Бақылау әдісі, ТНҚА белгісі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті бас тарту					Типі, маркасы ТНҚА белгісі	Өлшеу диапазоны, қатесі, нақтылық класы	
Кіріс бақылау										
Бетондық қоспа (МЕМСТ 26633)	Беріктілік бойынша класы, төмен емес	B22.5 (M300)	-	Қабылдау алаңы	Тұтастай	Құрылыс зертханасы Шебер (прораб)	Көзбен көру, өлшеуіш (МЕМСТ 10180)	Бетон қоспасының сапасы туралы құжат бойынша, Зертханалық жабдық		Кіріс бақылау журналы
	Аязға төзімділік маркасы, төмен емес	F100	-	Сондай	Сондай	Сондай	Көзбен көру, өлшеуіш (МЕМСТ 10060)	Сондай		Сондай
	Қозғалғыштығы	Жоба бойынша	-	-«-	-«-	-«-	Көзбен көру, өлшеуіш (МЕМСТ 5802)	Бетон қоспасының сапасы туралы құжат бойынша Стандартты конус Өлшеуіш металды сызғыш	0 мм-ден 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	-«-

4-кесте (жалгасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаңы іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылау орындаушысы немесе сынақ жүргізу	Бақылау әдісі, ТНҚА белгісі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті бас тарту					Типі, маркасы ТНҚА белгісі	Өлшеу диапазоны, қатесі, нақтылық класы	
